Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ата-баба тарихы мен туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында III **«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция** жұмысына қатысуға шақырады.

Республикалық конференцияның ұйымдастырушысы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК.

Конференцияның мақсаты: Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің санатына кіретін көне Сарайшық қазақ халқының алтын мұрасы ғана емес, сонымен бірге адамзат әлемінің өзара байланыстылығының, ынтымақтастығының куәсі екенін зерделеу.

Конференция жұмысы арқылы ұлт мұрасы – көне Сарайшықтың тарихы, ұлттық құндылықтарды сақтау, бабалар аманатын қорғау, бүгінгі ұрпақтың санасында көне мұраларға құрмет сезімін қалыптастыру, азаматтардың бойында отаншылдық, патриоттық сезімдерді қалыптастыру.

Конференцияның негізгі бағыттары:

1. Жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Тарих», «Өлкетану» пәндерінің оқытылуы. Өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары
2. Өлкедегі тарихи-мәдени ескерткіштер
3. Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) мұрасы - әлем тарихында
4. Сарайшық қаласы: жаңа зерттеулер және пайымдар

Конференция жұмысына қатысуға:

Сарайшық және ортағасырлық қалалар тарихын зерттеуші ғалымдар, өлкетанушылар, кәсіптік және техникалық білім беру, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтары, докторанттар, магистранттар, музей қызметкерлері, студенттер, мектеп оқушылары шақырылады.

Конференцияға қатысу түрі: келіп қатысу немесе сырттай қатысу (пандемияға байланысты онлайн форматта өтуі мүмкін).

Конференция жұмысына қатысқысы келетіндер Ұйымдастырушы комитетпен байланысқа шығуы тиіс. Конференция материалдары электронды жинақ түрінде шығарылады және ол музей-қорық сайтына (http://saraishyq.kz) салынады.

Өтетін уақыты: 28 сәуір, сағ. 10.00, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы (тіркеу сағат 09:00).

Өтетін орны: Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы.

Конференцияны ұйымдастыру алқасының мекен-жайы:
0607070, ҚР, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали қазірет көшесі, 11 үй. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, телефон/факс: 8 (71236) 255 06, 87071190078 - Нұғманова Назгүл, 87757006784 - Әбдіғалиев Мир, Эл.пошта: nazgul_nugmanova@mail.ru.

Баяндамаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар мен қатысу шарттары:
1. Көлемі 1-4 беттік компьютер басылымында Times New Roman, 14 кегль, беттің сол жағынан – 3 см, жоғарғы және төменгі жағынан – 2 см, оң жағынан – 1,5 см, жол арасы – бір интервал.
2. Баяндама тақырыбы ірі шрифтпен берілуі тиіс. Тақырып пен мәтін арасы екі жолмен бөлінеді. Тақырыптың үстіңгі оң жағына автор (авторлардың) аты-жөні, жұмыс орны ия мектеп атауы, сыныбы жазылады.
3. Әдебиеттер тізімі мен сілтемелер мақаланың соңына араб цифрларымен тік бұрышты жақшаның ішіне алынып [1, 5 б.] беріледі.
4. Мақала соңындағы түйін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде берілуі керек.
5. Ұйымдастыру алқасы сапасыз, сөзбе-сөз көшірілген, жаңалығы жоқ, қойылған талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды кері қайтарады.

Конференцияға қатысу үшін мақалалар ұйымдастыру алқасының мекен-жайына 2021 жылғы 1 сәуірге дейін жіберілуі тиіс.

Конференция қатысушысының тіркеу қағазы

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Мекеме атауы (ғылыми мекеме, ЖОО, мектеп мекен-жайы т.б.)
6. Автордың (авторлардың) мекен-жайы
7. Электронды пошта (міндетті)
8. Телефон / факс
9. Баяндаманың атауы /мақала/
10. Қажетті техникалық құралдар

ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ

Материалдарды рәсімдеу үлгісі

Байғалиев Жүніс-инспектор,
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы
РМҚК

МҰСТАЖАП НАМАЗҒАЛИЕВ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ

Сарайшық – орта ғасырларда шығыс пен батысты байланыстыратын Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қолөнері мен саудасы дамыған және қала құрылыс саласының өркендеуі, халықтың тұрмысы, мәдениеттер алмасуы орын алған жазба деректерде Ұлысу деп аталатын ағысы күшті өзеннің оң жағалауында орналасқан өркениетті қалалардың бірі.

xxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxx xxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxxx

Әдебиеттер тізімі

Түйін

Мақалада Ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихын зерттеуге мол зейін қойған өлкетанушы Мұстажап Намазғалиев туралы және оның зерттеулері, мектеп оқушыларына Сарайшық тарихын насихаттап, «Мектеп музейін» қалыптастыру жайлы.

Резюме

В статье рассказывается о краеведе Мустажапе Намазгалиеве, который уделил большое внимание изучению истории средневекового города Сарайшык, его исследованиям, популяризации истории Сарайшика для школьников и формированию «Школьного музея».

Summary

The article tells about the local historian Mustazhap Namazgaliev, who paid great attention to studying the history of the medieval city of Saraishyk, his research, popularizing the history of Saraishik for students and the formation of the “School Museum”.